

## **Студент күнделігін жүргізу бойынша ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Күнделік - оқу кезеңіне арналған әр студенттің негізгі құжаты.
- 1.2. Студенттің күнделігі – оның үлгерімі, сабаққа қатысуының көрсеткіші ретінде бағалар және оқытушылардың қолы қойылатын журнал және ата-аналарының өз балаларының сабаққа қатысуы мен үлгерімін қадағалау тәсілі.
- 1.3. Күнделікті жүргізу және толтыру білім беру процесінің барлық қатысушыларымен сақталуға тиісті белгілі ережелермен реттеледі.

### **2. Күнделікті жүргізу және толтыру бойынша студентке қойылатын талаптар**

- 2.1. Студенттің күнделігі күнделікті өзімен болуы керек.
- 2.2. Студент күнделіктегі барлық жазбаларды сиямен, ұқыпты жазуы керек.
- 2.3. Студент күнделікті күн сайын толтырады: сабақ кестесі, пәндер бойынша берілген үй тапсырмаларын жазады.
- 2.4. Студент әр сабақта баға және оқытушының қолын қою үшін күнделігін ұсынады.
- 2.5. Студент әр аптаның соңында күнделігін тексеру үшін сынып жетекшісіне және ата-анасына ұсынады.

### **3. Оқытушының және басқа тараптардың міндеттері**

- 3.1. Топтық және жеке сабақтар оқытушылары студенттің күнделігінің әр сабақта болуын тексеруі тиіс.
  - 3.2. Әрбір сабақта оқытушылар күнделікте баға қойып, оны қолтаңбасымен растап, баға болмаған жағдайда қол қою керек, қажет болған жағдайда, студенттің оқу пәні бойынша ескертулерді өз қолтаңбасымен растап тіркеу қажет.
  - 3.3. Сынып жетекшілері өз бөлім студентінің күнделік жүргізуін апта сайынғы бақылауын жүзеге асыру қажет.
  - 3.4. Ата-аналар апта сайын, сондай-ақ оқу семестрінің, жылдың соңында күнделікті қарап, қол қояды, қажет болған жағдайда оның жүргізілуін бақылайды.
  - 3.5. Колледж әкімшілігі қажет болған жағдайда күнделікті жүргізілуін бақылауды жүзеге асыруға құқылы.
- Ереже «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ-нің кіші педагогикалық кеңес отырысында қаралған және келісілген